

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Амантаева Арайлым Кайратовнаның 6D011300/8D01513 – «Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестілігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы:	Амантаева Арайлым Кайратовнаның «Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы арқылы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы үкіметінің 27 желтоқсан 2019 жылы №988 қаулысымен бекітілген және де Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	А.К. Амантаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300-8D01513-«Биология») бағыты бойынша дайындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды? Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына қосқан үлес және жаңа жетістік ретінде бағалауға болады.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары 2) орташа 3) төмен 4) өзі жазбаған	А.К. Амантаеваның диссертациялық зерттеу аясындағы өзіндік жазу деңгейі жоғары. Диссертант маңызды жаңа теориялық және тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізген. Зерттеу жұмысындағы қойылған мақсат міндеттерін жүзеге асыру барысында алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар. Орындалған жұмыс өзекті, дербес, толық аяқталған жұмыс болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Қазіргі заманғы биолог мұғалімдерінің алдындағы маңызды міндет - мұғалімнің өзі экологиялық білім беру мен тәрбие мәселелерінде құзыреттілік танытып, жұмыс жасауда негізгі құзыреттілікке ие болып, әр түрлі ақпараттық құралдар мен инновациялық технологиялар арқылы білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру. Өкінішке орай, қоршаған ортаға деген қажеттілік басым, экологиялық құзіреттілік деңгейі төмен, нәтижесінде қазіргі экологиялық мәселелерді қабылдаудың төмендігі; қоршаған ортаны өзгерту және жақсарту саласында ғана емес, сонымен қатар педагогика, психология, білім алушы тұлғасын дамыту және қалыптастыру, оқу іс-әрекетінің коммуникациясын сауатты ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесінің практикасына оқытудың инновациялық технологияларын енгізу үшін арнайы білім мен дағдыларды меңгерген жаңа үлгідегі биология мұғалімдерін кәсіби даярлау міндеті бұрынғыдан да өзекті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды . Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеясын көрсетіп, зерттеу үдерісінің барлық компоненттері толық қамтылған.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді деп толықтай

		<p>1) сәйкес келеді 2) жартылай сәйкес келеді 3) сәйкес келмейді</p>	<p>айтуға болады. Себебі, зерттеу жұмысының мақсаты: болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеруді көздейді. Зерттеу міндеттері: кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі экологиялық құзыреттілік ұғымына теориялық тұрғыдан сипаттама беру; болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау; болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесін даярлау; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды сынақтан өткізу, нәтижесінің тиімділігін дәлелдеу және оқу үдерісіне енгізу, зерттеу мәселесі бойынша әдістемелік ұсыныстар даярлау - мақсатына сәйкес қойылған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдары логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы қол жеткізген ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық, бірізділікпен дұрыс байланысқан деуге болады. Өйткені, диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын көрсетіп, зерттеу жұмысында қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған. Сол себепті, жұмысты логикалық бірізді аяқталған бірлік ретінде қарауға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар 2) жартылай талдау жүргізген 3) талдау өз пікірін емес басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер сандық, сапалық, сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <p>1) толығымен жаңа</p> <p>2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Докторант А.К. Амантаеваның зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i> – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР БЖҒМ бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері ұғымына түсініктеме берілген. Болашақ биолог мұғалім тұлғасын қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне интеграциялау мүмкіндіктері қарастырылған;</p> <p><i>Екінші нәтиженің жаңалығы</i> – болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігінің мән-мағынасына теориялық тұрғыдан сипаттама берілген. Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік беріп, әдістемелік тұрғыдан орындаудың жоспарлы түрдегі үлгісі дайындалып, болашақ биолог мұғалімдерге қолдануға мүмкіндіктер қарастырылған;</p> <p><i>Үшінші нәтиженің жаңалығы</i> – болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесінің нәтижесінде «Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы» атты оқу құралы даярланып, «Ғылыми әрекеттерді ұйымдастыру» элективті курсының мазмұнына ендірілген. Жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6В01513-Биология, 7М01513-Биология, 8D01513-Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің</p>
----	----------------------------	---	--

			<p>қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылған; <i>Төртінші нәтиженің жаңалығы</i> – тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, нақтыланған.</p>
		<p>5.2 Диссертация қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың ұсынған тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат, міндеттерімен негізделеді. Тұжырымның сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперимент барысында расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа 2) жартылай жаңа (25%-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Ізденушінің болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы арқылы қалыптастыру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа, негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research немесе өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	А.К. Амантаеваның диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Қорытындылардың негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, педагогикалық, философиялық, психологиялық әдебиеттердің алуантүрлілігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, тәжіриелік-эксперименттік жұмысының нәтижелерін сандық, сапалы талдау арқылы қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға негізделген	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Әр қағида бойынша болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы арқылы

	негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді</p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген ба?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p>	<p>қалыптастыруды педагогикалық-психологиялық еңбектерге зерделеу тұрғысында негіздеп, қағида дәлелденген. Тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және бұл докторанттың мақалаларында дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмыстың негізгі нәтижелері докторанттың 11 ғылыми еңбегінде жарияланды, оның ішінде 1-Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда, 3-БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдар, 6-халықаралық және отандық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген. Сонымен қатар, элективті курс бағдарламасы, оқу құралы жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздермен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген. А.К. Амантаева зерттеудің ғылыми-теориялық және эксперименттік әдістеріне сүйене отырып, келесідей әдістерді дәйекті, орынды қолданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> – теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, талдау, синтездеу, топтастыру, қорытындылау); – эмпирикалық (әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, бақылау, тест, айқындаушы және қалыптастырушы эксперимент); – статистикалық (зерттеу нәтижелерінің сенімділігін математикалық – статистикалық тұрғыдан өңдеу).

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә 2) жоқ</p>	<p>8.2 Докторант А.К. Амантаева болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді)</p> <p>1) иә 2) жоқ</p>	<p>8.3 Теориялық тұжырымдар Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институтында жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Сынаққа қатысқан білім алушылар саны - 102, оның ішінде эксперименттік топта 52, бақылау тобында 50 білім алушы. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық конференцияларда және басқа да ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>8.4 Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдар, алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Scopus деректер қорына енетін журналдар, оқулықтар, энциклопедиялар, оқу-әдістемелік құралдар, сөздікпен жұмыс бойынша әдістемелік нұсқаулықтарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p>

		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 161.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) иә 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігінің мән-мағынасына теориялық тұрғыдан берілген сипаттама болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік берді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары 1) иә 2) жоқ	Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін жобалау технологиясы арқылы қалыптастыруда «Ғылыми әрекеттерді ұйымдастыру» атты элективті курсқа 5 дәріс пен 5 семинар сабақтарының контенті әзірленіп, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілді (мазмұны, видео-сабақтар, жобалар); диссертациялық зерттеудің нәтижесінде «Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы» атты оқу құралы жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатында 6B01513-Биология, 7M01513-Биология, 8D01513-Биология білім бағдарламаласына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлері білім беру үдерісінде қолдануы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады 1) толығымен жаңа 2) жартылай жаңа (25%-75% болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)	Диссертациялық жұмыс аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. «Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы» атты оқу құралы жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатында 6B01513-Биология, 7M01513-Биология, 8D01513-Биология білім бағдарламаласына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру

			жүйесінің қызметкерлері пайдалануға болады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1)жоғары 2)орташа 3)орташадан төмен 4)төмен	Академиялық жазу сапасы – жоғары . Диссертация мазмұнындағы негізгі анықтамалар мен сөздіктер, ұғымдар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның тілі, стилі, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Шешім: А.К. Амантаеваның 6D011300/8D01513 – «Биология» мамандығы бойынша «Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында) тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Амантаева Арайлым Қайратовнаның 6D011300/8D01513 – «Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Жаратылыстану институты, биология кафедрасының
қауымд.проф.м.а., биология ғылымдарының кандидаты

Қолы 
Подпись _____
Ануарова Ляйля Ермеқхановна

Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

